



№59 (9946)
29 шілде
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Жалағаш

Жаршысы



Пікір

Кеше Жалағаш ауданының әкімі Асқарбек Есжанов өңірлік коммуникациялар қызметінде ауданда 2023 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмысы туралы брифинг берді. Брифингті тікелей эфирден көріп, ауданда атқарылып жатқан жұмыстардың барысы, жобалардың іске асуы туралы біраз мәлімет алдық. Иә, өзін Аламесек ауылының тұрғыны болғандықтан сеніммен айта аламын, ауылымызда біраз жоба жүзеге асырылып жатыр.



Ауқымды жобалар ауылдарды түлетеді

«Азаматтың іскерлігі ісінен мәлім» демекші, Жалағашқа Асқарбек Есжанов басшылық еткені өңірдің, әсіресе ауылдық елді мекендердің дамуы едәуір ілгеріледі. Әлеуметтік-экономикалық даму, халықтың әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру секілді мәселелер күн тәртібінен түспеді. Кент, ауылдар келбетінің көркеюі, оның ішінде құрылыстың қарқын алуы аудан дамуының көрінісі деуге болады.

Мәселен, Аламесекте ауылдық емхана жайлы мәселе көтеріліп жүргеніне біраз уақыт болған. Бүгінде бұл мәселе де өзінің оң шешімін тауып, жаңа емхана ғимаратының құрылысы басталып кетті. Шынында халықтың мәселесі ескеріліп жатыр, былтырдың өзінде ауыл мектебі күрделі жөндеуден өтті, кіреберіс көшеміз тақтайдай тегіс, демеушілер есебінен ауылымызда 2 балалар ойын алаңы салынды. Бірнеше әкімнің тұсында халықтың талап-тілегіне арқау болған жол бойындағы апатты жағдайдағы көпір қайта салынды. Мұнан аудан басшысының сөзден істің адамы екенін аңғару оңай.

Тағы бір жақсы іс, жергілікті жерлерде картоп, бақша дақылдарын орналастыруға шаруашылықтардың демеушілігімен жаңадан 500 гектар жер дайындалып, ауыл тұрғындарына теңдей бөлініп беріліпті. Бұл дегеніміз ауыл тұрғындары үшін таптырмайтын мүмкіндік емес пе?

Міне, ауданымызда тұрақтылық пен бірліктің, білікті, іскер басшының арқасында осындай қуырар шаруа атқарылууда. Алдағы уақытта да ынтымақ-бірлікпен тірлік ететін болсақ, Жалағаш халқы сенім білдіріп, үміт артқан Асқарбек Темірбекулымен бірге талай биік межелерге қол жеткізіп, халықтың тұрмысы одан әрі жақсартынына сенім мол.

Мұқан МҰРАТБАЙ,
Аламесек ауылдық округінің ардагері



Бұқарбайда жол жайы жақсаруда

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде Жалағаш ауданында 2023 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар туралы брифинг өтті. Жалағаштағы жарқын жобалар мен осыған дейін атқарылған ауқымды істер турасында кеңінен айтқан аудан әкімі Асқарбек Есжанов жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыруға басымдық беріп отыр. Тіпті 2025 жылға дейін ауылдық жерлерді дамытуға бағытталған жобалар дайындалып, бүгінде ол жұмыстардың көбі қолға алынды.

«Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, Асқарбек Есжановтың аудан тізгінін қолына алғалы ауданның, әсіресе ауылдық елді мекендердің дамуына ден қойғанын айта кету керек. Бүгінгі күні аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстар ел игілігіне жұмыс жасамақ. Әсіресе қанша жылдан бері шешімін таппаған мәселелер де оң нәтижесін беруде. Журналистермен өткен брифингте аудан көлеміндегі ауқымды жұмыстарға тоқталған аудан басшысы әрбір елді мекендегі жарқын жобаларды да айта кетті. Ал Бұқарбай батыр ауылындағы қуантарлық жұмыстардың қатарында жол құрылысын айтар едім. Мәселен, «Жанару» ФҚ-ның жеке қаражаты есебінен 2 млн теңгеге маусым айында Ким Яков көшесіне тас төсеу жұмыстары жүргізіліп, тиісті жұмыстар толық аяқталды. Ал «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында А.Құнанбаев, Бұқарбай батыр, А.Төлеубаев көшелеріне, бұдан бөлек ауылшілік 11 көшеге, асфальт төсеу жұмыстары да қолға алынбақ. Тағы бір сүйіншілейтін жұмыс, ауылдағы 16 көшеге түнгі жарық шамдарын орнату болды. Бұқарбай батыр ауылындағы негізгі жобалардың бірі 3 көшеге, яғни А.Құнанбаев, А.Төлеубаев, Бұқарбай батыр көшелеріне биыл күрделі жөндеу жүргізілетінінен де хабарымыз бар.

Ал әрбір елді мекеннің дамуын бүгін қолға алған аудан басшысы әлі де тұрғындарды жарқын жобалар күтіп тұрғанын жеткізді. Облыс орталығында өткен брифингте айтылған ауқымды жұмыстардың барлығына кәу болып жүрміз. Алдағы жоспарлардың да нақты мақсаттарға құрылғаны көңіл қуантты.

Қабыланбек НҰРМАҒАНБЕТОВ,
Бұқарбай батыр ауылы
ардагерлер кеңесінің төрағасы

Брифинг



Жүйелі жұмыстар жалғасын табады

Жалағаш ауданында өнеркәсіп өнімдерін өндіру 99,8 пайызға өсіп, 18 млрд 110 млн теңгені құрады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібі шаруашылықтардың күріш ақтау есебінен 30,6 пайызға артып, 5 млрд 225 млн теңгенің өнімі өндірілген. Негізгі капиталға тартылған инвестицияның көлемі 7 млрд 668 млн теңгені құрап, 91,2 пайызға артқан. Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 3 млрд 493 млн теңгені құрап, 101,7 пайызға орындалған. Облыс әкімдігі жанындағы өңірлік коммуникациялар қызметінде БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудан әкімі Асқарбек Есжанов осылай деді.

Жиньда ауданда алты айда атқарылған жұмыстар сараланып, алдағы мақсат-міндеттерге кезек берілді. Сондай-ақ спикер журналистердің бірқатар сауалын да жауапсыз қалдырмады.

Шыны керек, соңғы жылдары Жалағашта құрылыстың қарқын алғанын ел жақсы біледі. Қай саланы алып қарасақ та өсу бар, өрлеу бар. Алты айда тұрғын үй көлемі 13 509 шаршы метрді құрап, 42 жеке тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 100,3 пайызды құрады. Алты айда бөлшек сауда айналымының көлемі 1 млрд 198 млн теңгені құрап, меже 115,7 пайызға орындалған. Ал құрылыс жұмыстарының көлемі 3 млрд 350 млн теңгеге орындалып, 134,6 пайызды құрады.

Асқарбек Темірбекулы ауданның негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің орындалуы тұрақты бақылауда екенін айтады. Биыл аудан бюджеті 9,2 млрд теңге болып бекітілген. Бүгінде нақтыланған аудан бюджеті жыл басында бекітілген бюджетпен салыстырғанда 1,1 млрд теңгеге ұлғайып, 10,3 млрд теңгені құрап отыр. Оның ішінде жергілікті кірістер – 2 млрд теңге, субвенция көлемі – 3,8 млрд теңге, жоғары тұрған бюджеттен берілген трансферттер – 4,1 млрд теңге, бюджеттік кредиттер – 139,7 млн теңге. Бұл ретте ауданның жалпы түсімдері 5,6 млрд теңгені құрап, жоспар 104,1 пайызға орындалған. Оның ішінде өз кірістеріміз 1 млрд теңгені құрап, жоспар 155,1 пайызға орындалған.

Бытыр ауданның барлық елді мекендерін аралап, тұрғындармен жүздесіп, халықтың талап-тілегін тыңдап, ауданда одан әрі дамыту мақсатында «Жалағаш ауданы дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған перспективалық іс-шара жоспары» бекітілген. Онда білім, денсаулық сақтау, құқық қорғау, мәдениет және спорт салаларын дамыту, жолдар мен ішкі көшелерді жөндеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ жарықтандырумен абаттандыруға бағытталған жалпы құны 11,4 млрд теңгені құрайтын 137 жоба енгізілген. Оның ішінде биыл 32 жоба жүзеге асса, келер жылғы еңшісінде 50 жоба бар, 2025 жылға 55 жобаны жүзеге асыру көзделген.

Перспективалық іс-шара жоспары аясында биыл бюджет есебінен 34 жобаны іске асыруға 5,1 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде республикалық бюджеттен 2,2 млрд теңге, облыстық бюджеттен 2,8 млрд теңге, аудандық бюджеттен 137,2 млн теңге қаралған. Тарқатып айтсақ, жолдар мен ішкі көшелерді жөндеу бойынша 8 жобаға 2,2 млрд теңге қаралған. Ақсу елді мекеніне кіреберіс жолды орташа жөндеуге 73,3 млн, Жаңаталап-Аққыр бағытындағы жолды күрделі жөндеуге 655,3 млн, Есет батыр-Жаңадария бағытындағы жолды орташа жөндеуге 196,1 млн, Жалағаш кентіндегі М.Шәменов, Т.Қыстаубаев көшелерін күрделі жөндеуге 285,3 млн теңге, мұнан бөлек кенттегі 10 көшені күрделі жөндеуге 749,7 млн теңге, Аққум ауылындағы Аққум көшесін күрделі жөндеуге 55,5 млн, М.Шәменов ауылындағы Бұқарбай батыр көшесін күрделі жөндеуге 54,2 млн, Бұқарбай батыр ауылындағы 3 көшені орташа жөндеуге 163,9 млн теңге қаралған. Бұл көшелердің басым бөлігіне асфальт төселген.

Аудан әкімінің ауылдық елді мекендер халқымен кездесулерінде көбіне тұрғындардың талап-тілегіне аяқ су мәселесі арқау болған. Бұл әсіресе сағаның соңында орналасқан Жаңаталап пен кент іргесіндегі Қаракөткен халқының ауласына бақша салуына айтарлықтай қолбайлау екен. Осы ретте елді мекендерді аяқ сумен қамту бойынша биыл 2 жоба қолға алынып, оны жүзеге асыруға 82,6 млн теңге қаралды. Нәтижесінде Жаңаталап елді мекеніне 3 техникалық су ұңғымасын бұрғылау, Қаракөткен елді мекеніне 2 техникалық су ұңғымасын бұрғылау жұмыстары жүріп жатыр.

Биыл көпір құрылысы мен жөндеу жұмыстары бойынша 2 жоба қолға алынды. Оған қазынадан 406,9 млн теңге қаралған. Оның бірі осыған дейін арғы беттегі ағайын көтеріп келген аспалы көпір мәселесін шешуге негізделген. Теміржол арқылы өтетін аспалы көпір құрылысының жалпы құны 184,8 млн теңгені құрайды. Ал Сырдария өзені арқылы өтетін көпірді орташа жөндеуге 222 млн теңге бөлінген.

Брифингте Асқарбек Есжанов елді мекендерге газ желісін тарту және әлеуметтік нысандардың жылу жүйелерін табиғи газға ауыстыру бойынша да биыл бірқатар жоба қолға алынғанын жеткізді. Бұл мақсатта бүгінде ауданда 4 жоба жүзеге асуда. Жалпы құны 65,5 млн теңгені құрайды.

Спикер биыл ауданда әлеуметтік нысандарды көгілдір отынға қосудан бөлек, ауылдық елді мекендерге де газ тарту жұмыстары қарқын алатынын жасырмады. Яғни биыл Ақсу мен М.Шәменов ауылына көгілдір отын жеткізу үшін газ құрылысы басталады.

Елді мекендердегі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыру бойынша 7 жобаға 965,1 млн теңге бөлінген. Олардың қатарында «Ақтерек» уәкесісін сумен, газбен жабдықтау, су тарту көшенің құрылысы, Аққум елді мекенінің су тарту жүйесін кеңейту, Мәдениет елді мекенінің су тарту жүйесін кеңейту, Ақсу елді мекенінің электр желілерін қайта жаңғырту, Қаракөткен елді мекенінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстары бар.

Бытыр аудан әкімі Мырзабай ахун мен Аламесек ауылдық округіндегі халықпен кездесуде ондағы ауылдық емхана ғимаратына қатысты мәселе тұрғындарды толғандыратынын көзімен көрді. Осылайша денсаулық сақтау саласы бойынша жалпы құны 752,8 млн теңгені құрайтын 2 жобаны қолға алып, жуық арада халықтың мәселесін шешуге уәде еткен, ер екі сөйлемеді. Жуырда қос елді мекенде де ауылдық емхана құрылысы басталды. Жыл аяғына дейін ондағы халық елгі жобалардың игілігін көретін болады. Себебі мердігер бұл нысандарды жыл аяғына дейін аяқтауды жоспарлап отыр.

Биыл ауданда абаттандыру жұмыстарын жүргізу үшін 8 жобаға 131,8 млн теңге қаржы қаралған. Сондай-ақ «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы арқылы кенттің кіреберісі, орталық алаң және ішкі көшелеріне абаттандыру, елді мекендерде тұрмыстық қатты қалдықтарды тастайтын полигонды қоршау, аяқ су келтіру, насос сатып алу жұмыстары жүргізілген.

Брифингте аудан әкімі Ұлттық қордан халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 50 тұрғын үй сатып алуға 480 млн теңге бөлінгенін жеткізді. Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлер арқылы аудан орталығынан тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Елді мекендердегі уәкесілік полиция инспекторларын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында биыл аудандық бюджеттен 40 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде.

Асқарбек Есжанов бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылып жатқан жобалар жыл аяғына дейін толық аяқталатынын айтады. Тіпті сапасы да оның жеті бақылауында екен. Міне, елге жаны ашитын азаматтың сөзі де, ісі де осындай болса керек.

Бүгінге дейін ауданда жалпы құны 13,1 млрд теңгені құрайтын 35 нысанның жоба-сметалық құжаттары дайындалып, республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландыру үшін тиісті салалық басқармаларға бюджеттік өтінім тапсырылған. Олардың қатарында жол құрылысына қатысты тағы 11 жоба бар. Сондай-ақ білім саласында 3 жоба, газбен қамту бойынша 5 жоба, жарықтандыру шеңберінде 2 және басқа да салалар бойынша бірнеше жоба бар. Бұдан бөлек алдағы жылдары іске асыру жоспарланған 25 нысанның жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге 113,6 млн теңге бөлініп, жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Асқарбек Есжанов брифингте ауданда кәсіпкерлік саласының даму қарқынына тоқталып, жергілікті тұрғындардың кәсіп ашуына, кәсіпкерлердің жұмысын кеңейтуге мемлекеттен барлық қолдау болып жатқанын жасырмады. Нәтиже де жаман емес, мәселен, биыл 6 айда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 3 302 бірлікті құраса, оның нақты жұмыс жасап тұрғаны 223 бірлікке немесе 7,7 пайызға артқан.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» аясында іске асырылууда. Бизнесі қолдаудың негізгі құралдарының бірі – ұлттық жоба шеңберінде қаржылық қолдау. Жыл басынан бері аудан бойынша 1 млрд 494,2 млн теңгені құрайтын 76 жоба қаржыландырылып, 110 адам жұмыспен қамтылған. Көріп отырғандарыңыздай, ауданда салада қалыптасқан серпің жұмыссыздықты түсатуға да айтарлықтай қолғабыс болуда.

Мамыр айында ұзақ жылдар бойы тоқтап тұрған «БИС-Групп» ЖШС-ның қызыл мыл тамырын өңдеу зауыты қайта іске қосылып, 31 адам жұмыспен қамтылған. Қазіргі уақытта шығаратын өнімдерінің түрлерін көбейту мақсатында зауытқа кеңейту жұмыстарын жүргізуде. Кеңейту жұмыстары аяқталғаннан кейін қосымша 30 жаңа жұмыс орны ашылады.

Биыл Жалағаш кентінен жалпы құны 200 млн теңгені құрайтын 120 орындық типтік жобаларға «Жеті-қазына» жеке балабақшасы пайдалануға беріліп, 18 жаңа жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар «Серпін» аграрлы-индустриялды аймағынан «Сыздық» шаруа қожалығының құны 100 млн теңгені құрайтын күріш ақтау және жем өндіру зауыты іске қосылып, 8 адам жұмыспен қамтылды. Зауыт тәулігіне 60 тонна күріш ақтайды.

Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестициялық жобалар пулы аясында биыл 1 млрд 30 млн теңгені құрайтын екі жоба іске асырылады. Олардың қатарында «Бағдаулет-57» фермер қожалығының жалпы құны 530 млн теңгені құрайтын «100 бас ірі қара малына арналған сүт фермасы» бар. Жоба іске қосылған уақытта тәулігіне 3000 литр сүтті өңдеп, өнім шығаратын болады, асыл тұқымды сыырлар Чехия мемлекетінен әкелінеді. Қазіргі уақытта сүт фермасының негізгі ғимараттарының құрылысы аяқталды. Жыл аяғында зауыт толық іске қосылып, 10 жаңа жұмыс орны ашылады.

Аграрлық аудан ауыл шаруашылығы саласында толағай табысқа қол жеткізуде. Ауданда 331 шаруашылықтың 195-і егін, 136-сы мал шаруашылығымен айналысады. Биыл аудан бойынша барлығы 37079 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, күтімге алынған. Су тапшылығы жағдайында аудан шаруашылықтары насос қондырғыларын пайдалану арқылы егінді сумен қамтамасыз етуде. Қазіргі таңда аудан шаруашылықтары 40 су тартқыш насос қондырғысын егінді

суаруға пайдалануда. 2023 жылы ауыл шаруашылығы техникалары паркін жаңарту мақсатында 168 млн теңгеге 11 ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Егін шаруашылығымен бірге ауданда мал шаруашылығы да тұрақты дамуда. Аудан көлемінде барлығы 40 918 мүйізді ірі қара, 45 759 уақ мал, 24 953 жылқы, 801 түйе, 11 348 құс өсірілуде. Өткен жылмен салыстырғанда МІҚ 5,9, жылқы 9,2, түйе 9,3, құс 0,9 пайызға көбейген.

Аймақ басшысының тапсырмасы бойынша жергілікті жерлерде картоп, бақша дақылдарын орналастыруға шаруашылықтардың демеушілігімен жаңадан 500 гектар жер дайындалып, 217 гектарына картоп, 63 гектарына көкөніс, 220 гектарына бақша дақылдары егіліп, күтімге алынған болатын. Бұл жерлер 921 отбасыға үлестірілді. Бұдан бөлек «Ер-Әріп» шаруа қожалығы егінді әртарапталдыру бағытында 7,5 гектар жерге тамшылатып суару әдісімен картоп, 2,5 гектар жерге бақша дақылдарын орналастырған.

Ауданда ауыл шаруашылығы жерлері бойынша биыл көлемі 5 148 гектар жер учаскелері конкурсы арқылы айналымға енгізілген. Сонымен қатар елді мекендердегі жер учаскелерін сатудан аудан бюджетіне 19,3 млн теңге қаржы түсті. Ал пайдаланылбаған жайылымдық жерлерге талдау жұмыстары жүргізіліп, мақсатты пайдаланулы қатаң бақылауға алынған. Жыл басынан бері жерді мақсатына сәй пайдаланылмаған не заңнаманы бұза отырып пайдаланылған барлығы 14 426 гектар жер учаскелері мемлекет жер қорына қайтарылған. Оның 1 230 гектары елді мекен тұрғындарының малдарына жайылу үшін қалдырылды. Жыл аяғына дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер бойынша 34 мың гектар жер учаскесін қайтару жоспарда бар. Яғни жерді бақылау жұмыстары одан әрі күшейеді.

Бағана сөз басында ауданда жол саласын жақсартуға басымдық берілгенін айттық. Расында соңғы бір жылда ауданда жол құрылысы қарқын алды. Жалағаш ауданының автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 240,9 шақырымды құрайды. Оның 50 шақырымы республикалық, 60,6 шақырымы облыстық, 130,3 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолдары. Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 115 шақырымы немесе 93,1 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда, 8,5 шақырымы немесе 6,9 пайызы қанағаттанарлықсыз жағдайда. Сонымен қатар аудан бойынша ұзындығы 239,9 шақырымды құрайтын 228 көше бар. Қаламгерлер қауымы да Жалағашта соңғы бір жылда жол құрылысының қарқын алғанына кәу болғанын жасырмады.

Ауданда жұмыссыздық деңгейін өсірмеу мақсатында жаңа жұмыс орындарын құру бойынша кешенді іс-шаралар жүргізілуде. Бүгінге дейін жалпы жұмыссыздық деңгейі 5,1 пайызды, жастар арасында жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызды құрайды. Биыл 6 айда 1231 жаңа жұмыс орны ашылған. Оның 209-ы тұрақты, 1022-сі уақытша жұмыс орындары екен. Есепті кезеңде 2 114 адам халықты жұмыспен қамту орталығына жүгініп, оның 1574-і немесе 74,5 пайызы «Ұлттық жоба» бағдарламасына қатысушылар құрамына енгізілген. Сонымен қатар «Ұлттық жоба» аясында 15 жобаға 46 жұмыс орны жарияланып, 24 адам жұмыспен қамтылған.

Брифинг барысында Асқарбек Темірбекулы білім, мәдениет, спорт сынды басқа да бірқатар салаларды назардан тыс қалдырмады. Ал журналистер бірқатар сауал қойып, аудан әкімі оның ешқайсысын жауапсыз қалдырмады. Сондай-ақ ол атқарылған жұмыстарға тоқмелейтүсе болмайтынын жеткізіп, ел ішіндегі өзекті мәселелерді шешуге негізделген жүйелі жұмыстар жалғасын таба-тынын жеткізді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Аппарат



Алты айлық сараланды

Биыл 6 айда ауданда жол көлік оқиғалары 36,4, жарақат алғандар 40 пайызға төмендеген. Былтыр алғашқы жартыжылдықта 2 адам көлік апатынан көз жұмса, биыл абырой болғанда адам шығыны жоқ. Алайда кент және ішкі жолдарда жол көлік оқиғалары салдарынан жарақат алғандар 25-50 пайызға артқан. Аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Мәулен Өсер аппарат мәжілісінде осылай деді.

Күн тәртібінде 3 мәселе қаралған басқосуда аудан әкімі Асқарбек Есжанов алдымен кадрлық өзгерістерге тоқталып, Гүлзираш Айтметованың аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы, Ғалымжан Телібаевтың «Жалағаш ауданының Мансап орталығы» филиалының директоры, Ғалым Жанашевтың аудандық отбасын қолдау орталығы директоры лауазымына тағайындалғанын жеткізіп, олардың жаңа жұмысына сәттілік тіледі, алдағы уақытта ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына бірлесе жұмыс жасайтынына сенім білдірді.

Мұнан кейін әдеттегідей көзек күн тәртібіндегі мәселелерге берілді. Мәдениет саласында атқарылған жұмыстар, алдағы жылу маусымына дайындық барысы, ауданда жол көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар сараланды, баяндамашылардың ешқайсысы да сыннан сытылған жоқ.

Аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Шарабан Мақсұтұлының сөзіне сүйенсек, Жалағаштағы мәдениет ұйымдары алғашқы алты айда ұлттық мәдениетті ілгерілетуге және дестүрлерді жаңғыртуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған түрлі форматтағы 363 іс-шара ұйымдастырған. Оған 62 401 көрермен тартылған. Оның ішінде 12-сі онлайн режимде өткізіліп, қаралым саны 2 370-ке жеткен.

Биыл мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығы. Бөлім басшысы қайраткердің мерейтойы туған жерінде де жоғары деңгейде атап өтілетінін айтады. Бұл бағытта «Түркі әлемінің Темірбегі» атты облыстық ақындар айыты өткізілсе, Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасымен бірлесіп, онлайн Zoom платформасы арқылы «Түркі әлемінің тарланы» атты тарихи конференция ұйымдастырылған. Қазақ руханиятының дамуына зор үлес қосқан тұлғаның есімін халық жаңдында сақтап, өнегелі ісін жастарға үлгі ету мақсатында жыл басынан бері 45 мәдени-көпшілік шара ұйымдастырылып, оған 1206 көрермен тартылшыты.

Шарабан Қалыбаев «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясында «Dombura» ұлттық телеарнасының тарихи-танымдық мәдени бағдарламасында Жалағаш ауданының тарихы мен мәдениеті туралы екі бөлімнен тұратын арнайы шығарылымына Бұқарбай батыр Естекбайұлының жары Шынар ағамыз туралы деректі фильм көрермен назарына ұсынылған.

Жас таланттарды табу, балалар мен жасөспірімдерге шығармашылық және көркем-эстетикалық білім беруді қолдау бағытында мәдениет үйлерінде 95 үйірме жұмыс жасап жатыр. Үйірмелерде 1073 бала бар. Аудандық мәдениет үйлерінің көркемөнерпаздары 6 айда облыстық байқаудан 34, республикалық байқаудан 9, халықаралық байқаудан 8 жүлделі орын иеленген.

Бөлім басшысы кітапханалардағы қызмет көрсету жұмыстарының жай-күйі және жаңа ақпараттық технологияларды енгізу барысы өз деңгейінде жүріп жатқанын айтады. Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің жалпы кітап қоры – 373 930, оқырмандар саны – 9 511.

Аудан кітапханаларында кітап басылымдарын цифрлық форматқа көшіру жұмыстары жалғасуда. Аудандық кітапхана қорындағы 907 жергілікті ақын-жазушылардың кітаптары мен 2 256 жергілікті мерзімді басылымның электрондық көшірмелерін сандық форматқа көшіріп, бүгінге дейін 740 оқырманның пайдалануына жағдай жасалған.

– Мәдениет саласы қызметінің негізгі бөлігі – тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау. Ауданда есепке алынған 71 тарихи және мәдени ескерткіштердің біреуі республикалық, 30-ы жергілікті маңызы бар, 40-ы алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген. 17 ескерткішке QR-код тақтайшалар орнатылған. Аудандағы тарихи және мәдени ескерткіштердің табиғи ландшафты аймақтарының бұзылуына, заңсыз қазба жұмыстары және өзге де заң бұзушылық әрекеттерге жол бермеу мақсатында бақылау шараларын күшейту, қолданыстағы заң талаптарының өз деңгейінде орындалуы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әдістемелік көмектер көрсетілді. Сондай-ақ алдын ала есепке алу тізіміне енгізілген ескерткіштерге сараптама жұмыстарын жүргізу мақсатында аудандық экономика және қаржы бөліміне 2 млн теңгеге бюджеттік өтінім берілді, – деді Шарабан Мақсұтұлы.

Бөлім басшысының назарынан мемлекеттік тіл саясатының жүзеге асу барысы да тыс қалмады. Тілдік ахуалды бейнелейтін басты көрсеткіш – құжат айналымы. Осы ретте мемлекеттік органдардағы тілдік ахуалға жүргізілген мониторинг нәтижесінде мемлекеттік тілдегі шығыс құжатының үлесі 100 пайызды құрап отыр. Көрнекі ақпараттың пайдалануын бақылаудағы өңірлерді қамту дәрежесі басты назарда екен. Төксан сайын мәдениет және спорт бөлімі мен «Қызылорда облыстық тілдерді оқыту орталығының» мемлекеттік тіл мамандарының қатысуымен көрнекі ақпараттарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. 6 айда 12 кәсіпкерлік субъектісіне ҚР «Тіл туралы» Заңының 21-баптың талаптары түсіндіріліп, әдістемелік көмек көрсетілген. Атырылған жұмыстар нәтижесінде 4 мейрамхана мен фастфудтардың ас мезгіріне аударма үлгілері қолданысқа берілсе, 1 сауда нүктесі мен 1 көуапхананың тек қана орыс тілінде ілінген жарнама мәтіні ауыстырылған. Аудандығы шағын және орта бизнес өкілдеріне көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың сауаттылығын қадағалау және реттеу мақсатында whatsapp, telegram әлеуметтік желілері арқылы әдістемелік көмек көрсету ұсынылған. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу, қазақ тіліндегі мәтіндердің сапалы жазылуына, қателіктердің алдын алу мақсатында мәдениет және спорт бөлімі мен жарнама агенттіктері арасында бірлескен жұмыстар жүргізілуде.

Биыл облыстық мәселесі бойынша 9 өтініш түскен, оның 4-еуі объектіге атау беру, 1-еуі атауын кісі есімімен өзгерту, 4-еуі көшеге атау беру туралы өтініштер. Объектіге атау беру туралы 1, ауыл атауын өзгерту туралы 1, көшеге атау беру туралы 1 өтініш кері қайтарылған. Тарихи тұлғаларға енгізу бағытында облыстық ономастикалық комиссияның қаруына ұсынылған 3 өтініштің 1-еуі қолдау тауып, 2-еуі кері қайтарылған. Идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулары бар елді мекендер атау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған облыстың жол картасына сәйкес 3 көше қайта аталған. Жол картасына сәйкес идеологиялық тұрғыдан ескірген 1 елді мекен, 1 көшені қайта атау бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Атқарылған жұмыстарды кеңінен тартқан бөлім басшысына аудан әкімі тек даталы мерекелерде шара ұйымдастырумен шектелмей, жергілікті өнерпаздардың шығармашылығын дамытуға әлі де басымдық беру қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ бұл ретте өзге аймақтарға барып, тәжірибе алмасудың маңызына ерекше тоқталды.

Ауданда маусымда жылумен қамтамасыз ететін 99 әлеуметтік және бюджеттік нысан бар. Әлеуметтік нысандардың 30-ы сұйық отынмен, 39-ы қатты отынмен, 10-ы газбен, 2-еуі электр қуатымен жылытылады. 2023-2024 жылдардағы жылу беру

маусымына барлық әлеуметтік және басқа да бюджеттік нысандардың сұйық отын қажеттілігі 2077, қатты отын қажеттілігі 2 900 тоннаны құрайды. Бүгінге дейін нысандарда 28 тонна сұйық отын, 81 тонна қатты отын қоры бар. Сонымен қатар 276 тонна сұйық отынға, 1 429 тонна қатты отынға жеткізіп берушілермен келісім-шарт жасалған.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жол ауышлар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысы Ғабит Ерболұлы қазіргі таңда 75 әлеуметтік нысан жылу беру маусымына дайын екенін айтады. Аудан тұрғындарына алдағы жылу маусымына қатты отын қажеттілігі 9000 тоннаны құрайды. Қазіргі таңда 350 тонна қатты отын қоры былтырғы жылу маусымнан қалып, тұрғындардың өз қоймаларында сақталған. Тұрғындар үшін қажетті көміді уақытылы жеткізіп және көмірдің бағасын негізсіз өсірмеу мақсатында жеке кәсіпкерлермен меморандум жасалған. Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлермен көмірді дедлалсыз сатып алу мақсатында брокерлер арқылы көмір разрездерімен келісім-шартқа отыру жүрде.

Биыл ауданда көгілдір отын тұтынатын әлеуметтік нысандар қатары артады. Ұлттық қордан «Наркескен» спорт клубының қазандығын газға көшіруге 14,4 млн теңге, аудандық кітапхананың қазандығын газға ауыстыруға 11,1 млн теңге бөлінген. Қазіргі таңда мердігер мекеме де анықталып қойған. Мұнан бөлек №123, 246 мектептердің қазандықтарын газға көшіруге жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу үшін облыстық бюджеттен 7,2 млн теңге бөлінген.

Биыл ауданда әлеуметтік нысандар ғана емес, ауылдық елді мекендерді газдандыруға қатысты үлкен жобалар да жүзеге асады. Қазірдің өзінде Ақсу, М.Шәменов елді мекендерін газдандыру жұмыстары бастауға облыс тайқазанынан 40 млн теңге бөлінген. Шілденің соңғы он күндігіне дейін кенттегі 2 561 тұрғын үй орталықтандырылған газ желісіне қосылған.

– Ауданда білім саласындағы 23 нысан бар. 20 мектептің 17-сі сұйық отынмен, 2-еуі қатты отынмен, 1 мектеп газбен жылытылады. Мектептерге жылу беру маусымында 1 581 тонна сұйық отын, 544 тонна қатты отын қажет. Биыл мектептерге сұйық отынға 464,5 млн теңге, қатты отынға 9,5 млн теңге қаржы қаралған. 1 116 тонна сұйық отынға келісім-шарт жасалып, бүгінге дейін 932 тоннасы алынған. Қазіргі таңда мектептерде 11 тонна сұйық отын қоры бар. Мектептерге 543 тонна қатты отынға келісім-шарт жасалып, бүгінге дейін 25 тонна алынған, 518 тоннасы енді жеткізіледі. «Ақтерек» лагеріне сұйық отын қажеттілігі 9 тоннаны, оқушылар үйіне 22 тоннаны құрайды. «Ақтерек» лагеріне сұйық отын сатып алуға 3 млн теңге, оқушылар үйіне 7,7 млн теңге қаржысы бар. Индустриалды-аграрлық колледжге қатты отын қажеттілігі 267 тонна. Қазіргі таңда 8 тонна қатты отын қоры бар. Бүгінде барлық нысан жылу беру маусымына дайын. 10 балабақшаның 6-уы сұйық отынмен, 1 нысан қатты отынмен, 3 нысан газбен жылытылады. Балабақшаларға жылу беру маусымына 226 тонна сұйық отын, 43 тонна қатты отын қажет. Биыл сұйық отынға 65,6 млн теңге, қатты отынға 720 мың теңге қаржы қаралды. 145 тонна сұйық отынға келісім-шарт жасалып, қазіргі таңда 91 тоннасы алынды. Бүгінге дейін балабақшаларда 7 тонна сұйық отын қоры бар, – деді бөлім басшысы.

Асқарбек Есжанов қыстың қамын жаз ойлап, осы бастан алдағы жылу маусымына сақадай сай болу қажеттігін қаперге салды. Сондай-ақ барлық мекеменің жылу қазандықтарының жай-күйін қадағалауды тапсырды.

Республикалық және облыстық жолдарда соңғы 2 жылда болған жол көлік оқиғалары зерделенген. Жол сакшылары көлік апатына жүргізушілердің жыл-

дамдықты шамадан тыс асыруы, қарсы бағытқа шығу, маневр ережесін бұзу және ұйықтап кету басты себеп екенін айтады. Бір жағынан «Самара-Шымкент» авто жолындағы көлік қозғалысының көбеюі де мәселені күрделендірген. Қазіргі таңда бұл жолдан тәулігіне 10 мыңға жуық көлік өтеді. Ауданда жол көлік оқиғаларының алдын алуда атқарылған жұмыстарды баяндаған полиция бөлімі бастығының орынбасары Мәулен Өсер барлық жол көлік оқиғаларының 33-і, яғни 64 пайызы мал қағумен болғанын айтады, салдарынан 8 адам дене жарақатын алған. 6 айда жолдың белгіленбеген орнынан өткен 151 ауыл шаруашылық жануарларының жао қағдаларын бұзу дерегі анықталып, жол белгілері талаптарын сақтамаған 286 жүргізуші өкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Мәулен Өсер орталық көшелер бойында орналасқан мектептер жанындағы жаяу жүргіншілер өткелдеріне оқуға келіп-кету кезінде патрульдік және ювеналды полиция инспекторлары қызмет атқарып жатқанын айтады. Бұл бала қауіпсіздігі үшін аса маңызға ие. Сондықтан тәртіп сақшыларының апаттың алдын алу мақсатында қолға алған бұл жұмысы орынды.

Баяндамашы жол апатының алдын алу мақсатында атқарылған жұмыстар аз емес дейді. Мәселен, 6 айда жол ережесін бұзудың 1 138 дерегі анықталса, оның 623-і жол апатына тікелей әсер ететін өрескел құқық бұзушылықтар екен. Оның ішінде 13-і келікті мас күйінде, 292-сі көлік құралын басқаруға құқық жоқ немесе құжатсыз басқарған. Жол жүрісіне қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзу бойынша 80, жаяу жүргіншіге жол бермеудің 8, ұялы телефонмен сөйлесу бойынша 14, қауіпсіздік белдігін тақпау бойынша 24 дерек анықталса, жаяу жүргіншілермен 51 жол ережесі бұзылған.

Жол қозғалысын ұйымдастыру, апаттың алдын алу мақсатында автомобиль жолдары мен жол қозғалысын реттейтін техникалық құрылыстардың жай-күйі жөнінде аудандық жергілікті атқарушы органдарға 15 хабарлама, 105 нұсқама жолданып, тиісті жол мекемелерімен жаңадан 38 жол белгілері орнатылып, 17-сі қайта қалпына келтірілген, аудан көлемінде 30 шақырым жол жөнделіп, 1,6 шақырымды құрайтын жасанды жарық жүйелері жүргізілген, кент аумағында 10 көше күрделі жөндеуден өткізілді.

– 6 айда жол апатының барлық көрсеткіші төмендеді. Қайтыс болғандар 100 пайызға төмендесе, жол көлік оқиғасы 36,4 пайызға, жарақат алғандар 40 пайызға азайған. Оның ішінде республикалық жолдарда 100 пайызға, елді мекендерде 50 пайызға азайған, ауыларалық ішкі жолдарда қаза тапқандар жоқ. Жылдамдықты асыру себебінен болған жол көлік оқиғаларында қайтыс болғандар орын алмаған. Былтыр балалардың қатысуымен 3 жол көлік оқиғасы орын алып, 3 бала дене жарақатын алса, биыл 2 бала жарақат алған. Биыл 6 айда 7 жол көлік оқиғасы орын алды. Оның ішінде «Жосалы-Жалағаш» тас жолында 1, ауданаралық тас жолдарда 2, кент орталығында 4 жол апаты орын алды. 9 адам дене жарақатын алды.

Асқарбек Темірбекұлы жол қауіпсіздігін өлі де күшейтіп, жүргенсіз жүргізушілерді заң аясында жазалауды тапсырды. Сондай-ақ базар, орталықтағы «Бибігүл ана» дүкені маңындағы көлік кептелісін ретке келтіруді қанша тапсырғанымен мәселе әлі күнге шешімін таппағанын жеткізді.

Полиция бөлімі басшысының бірінші орынбасары Мәулен Өсердің де жол көлік оқиғасының алдын алуға қатысты өз ұсынысы бар. Ол қазіргі ыстықта төрт түйлікті өрісте жайылмайтынын, керісінше көшеде көлік апатына сеп болып жатқанын жеткізді. Осы ретте ол үлкен жолдың бойында орналасқан ауылдар мен М.Шәменов, Қаракеткен, Далдабай бағытындағы жолдың бойында мал қағу деректері жиі орын алатынын жасырмады. Сондықтан ауылдарда маусымда пада ұйымдастырылса дейді.

Тәртіп сақшысының бұл ұсынысы орынды, оған қарсы мәжіліс төрағасы да үзәй айтады, керісінше ауыл әкімдеріне ауылда пада ұйымдастыру қажеттігін қаперге салып, бұл мәселеге алдағы уақытта қайтып ораламауға жұмыс жасауды тапсырды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Комиссия отырысы



Қоғам қауіпсіздігі басты назарда

Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы өтті. Комиссия отырысында Жалағаш ауданының полиция бөлімімен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар және Қаракеткен ауылдық округі бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатындағы атқарылған жұмыстар туралы мәселелер қаралды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында мемлекеттік мекемелерде жылына кемінде 2 рет ішкі талдау жүргізу, бюджет қаражатының тиімді әрі мақсатына сай жұмсалы, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және мемлекеттік сатып алу жұмыстары қолданыстағы заңнама талаптарына сай жүргізілуі қажеттігі тапсырылды.

Мұнан кейін Асқарбек Есжановтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті. Комиссия отырысында жасөспірімдермен және оларға қарсы жасалатын қылмыстардың алдын алу және пробация есебіндегі сотталғандармен құқық бұзушылық профилактикасы бағытындағы жұмыстар туралы мәселелер қаралды. Күн тәртібінде қаралған бірінші мәселе бойынша аудандық полиция бөліміне жасөспірімдермен жасалатын қылмыстарды болдырмау және оның алдын алуға бағытталған профилактикалық және профилактикалық есепте тұрған жасөспірімдермен жеке адрестік жұмыстарды күшейту тапсырылды.

Жалағаш ауданының полиция бөлімі, Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі және Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжі бірлесе отырып, жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша күшейтілген шаралар қабылдау, көмекетке толмағандар және жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы рейдтік жұмыстарды тұрақты ұйымдастыру қажеттігі ескертілді. Комиссия отырысында қозғалған екінші мәселе бойынша Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне бұрын сотты болғандарды, оның ішінде пробациялық бақылау есебінде тұратын азаматтарды жұмыспен қамту және оларға әлеуметтік көмек көрсетуде атқарылып жатқан жұмыстарды жандандыру тапсырылды. Жалағаш ауданының полиция бөлімімен кент және ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп, пробация қызметіндегі тұлғалардың қоғамға бейімделуіне, заң талаптарын сақтауға, өңбекке және өзге де қоғамға пайдалы қызметпен айналысуға, білім деңгейі мен мәдени деңгейін арттыруға бағытталған шараларды қабылдап, оларды өңбекке баулу және әлеуметтік көмек түрлерімен қамтамасыз етуді тиімді түрде жүзеге асыру, пробация қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін белгіленетін жұмыс орындары квоталарының толық орындалуын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

«ЖЖ» ақпарат

Сағынышпен еске аламыз

Өмір болған соң ерте ме, кеш пе, әйтеуір өзекті жаңға бір өлімнің келері хақ. Себебі ешкім мәңгі өмір сүре алмайды. Бұл дүние – уақытсыз ғана тұрақ. Қамшының сабындай қайран тіршілік бір күні шырт сынары ембеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен өмірден өтетінін өкінішті. Тұмақ бар жерде өлмек те бар деген шариғат сөзі. Адам дүниеге келген көзде тағдыры пешенесіне жазылып қояр деген рас болар бәлкім. Ақ көбін біреуге ерте, біреуге кеш пішіледі екен.

Бірімізге қыз, ұлына ана, бірімізге бауыр, бірімізге сырлас қайыңсіңіл, келіндерге сыйлы ала болған ауылымыз Төлегенова Нұрғұл Төлегенқызынан қапыда айырылып, жүрегіміз жаралы болып қалды.

Уақыт жылдам, күн артынан күндер, ай артынан айлар өтіп, жоғымызды жоқтап жүргенімізге де бір жыл болып қалыпты.

Төлегенқызы Нұрғұл 1986 жылы наурыз айының 24 жұлдызында Жалағаш кентінде дүниеге келді. Мектеп бітірген соң Қызылорда қаласы Қорқыт ата университеті колледжін заңгер, Шымкент қаласындағы халықаралық гуманитарлық техникалық университетінің тарих мамандығы бойынша бакалавр бітірген.

Еңбек жолын аудан орталығындағы №202 Ж.Жарқынбаев атындағы мектепте тарих пәні мұғалімі болып бастап, өмірден өткенге дейін сол мектепте қызмет атқарды. Өте сабырлы, салмақты, ұқыпты, шәкірттерінің жүрегінен орын таба білген ұстаз бола білді.

Алдына қойған арман-мақсаттары көп еді, сол мақсат мұратына жете алмады. Шіркін бәрі орынмен, бәрі ретімен келсе, өкініштің өзәні тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді, бірақ амал бар ма, бір жыл бұрын ауыр дертке ұшырап, дертіне дауа таба алмай 36 жасында мәңгілікке айырылды, оның ғұмырдариясы мәңгілік ағысқа ауысты.

Артында аңырап ата-анасы, бауырын жоқтап бауырлары, анасын іздеп жалғыз аманаты қалды. Алпаның ісіне амал бар ма, көндік, Алпаның бізге берген сынағын де қабылдадық.

Аурудың тарттың азабын, Дертіне дауа таппадық, Қызығын көрмей жалғыздың, Ішінде кетті-ау арманың.

Көре алмай кеттің көп қызық, Тата алмай өмір тәттісін, Жарқырап тұрған жұлдызым, Ерте бір сөнді-ау от ғұмырың.

Мәңгілік мекенінде жатқан жерің жәннаттың төрі болсың, топырағың торқа, иманың жолдас болсын. Сен біздің мәңгі жүрегіміздесің.

Еске алушылар ата-анасы Төлеген-Кеңескүл, ұлы Айбатыр, бауырлары Жомарт-Айгүл, Нұрлан-Зәуреш, Нұртас-Айгүл, Байтанас-Арай

Сайлаушылардың назарына!				
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28 – бабының 4 – тармағына сәйкес Мәдениет ауылдық округ әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ :				
№	Үміткердің аты-жөні	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1	Абтыкалыков Омирсерик Ыстықатович	Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 “А”, “Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының “Мәдениет ауылдық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты	04.08.2023жыл	Сағат 10-00
2	Қорғанбек Төлеген Қорғанбекұлы	Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 “А”, “Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының “Мәдениет ауылдық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты	02.08.2023жыл	Сағат 18-00
3	Молдабеков Қазыбек Қушқебасвич	Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 “А”, “Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының “Мәдениет ауылдық клубы” коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты	05.08.2023жыл	Сағат 16-00

3 САЙЛАУ – 2023

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Абтыкалыков Омирсерик Ыстыкатовичтың 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Абтыкалыков Омирсерик Ыстыкатович 1963 жылы 18 наурызда Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген.

1970 жылы Мәдениет ауылындағы №32 орта мектепке қабылданып, 1980 жылы аталған орта мектепті бітірген. 1986 жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді Ауыл шаруашылық институтын ғалым-агроном мамандығы бойынша толық аяқтаған. 1986-1987 жылдары Мәдениет совхозында тұқым жөніндегі агроном, 1987 жылдан бастап 2005 жылға дейін агроном және бас агроном қызметтерін атқарған. 2005 жылдан 2014 жылдың наурыз айына дейін Қазақстан Республикасы АШМ Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі шекаралық бекеттің бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы қызметтерін атқарды. 2014-2017 жылдары аралығында жеке кәсіппен айналысқан.

2017-2021 жылдары аралығында Мәдениет ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды. Отбасылы, екі ұл бір қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті ауыл тұрғындары, қадірлі жерлестер! Алдағы саяси науқанның басталуына да баржоғы 2 апта уақыт қалды. Бұл сайлау – туған жердің болашағын жарқын ету үшін сіз бен бізге берілген үлкен мүмкіндік. Осы саяси науқанда әрбір сайлаушы белсенді болуы керек, ал сіздердің сенімдеріңізді ақтап, елдің ертеңіне, ауылдың екінші тынысын ашуға жұмыс жасау маған парыз деп білемін. Сондықтан алдағы сайлауда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын. Алдағы 4 жылда Мәдениеттің көркейіп гүлденуіне бағытталған арнайы бағдарламам да жоқ емес. Ал оны жүзеге асырып, әрбір жобаның халық игілігін көруі үшін алдымен сіздердің қолдауларыңыз аса маңызды. Сондықтан саяси науқанда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын.

Мәдениет ауылы тұрғындарының әл-ауқатын және ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға барлық білімім мен тәжірибиемді жұмсаймын. Егер сіздердің басым дауыстарыңызға ие болсам, төмендегідей мақсат-міндеттердің жүзеге асуына барлық қарым-қабілетімді, күш-жігерімді жұмсаймын.

Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында жергілікті халықтың кәсіппен айналысуына жағдай жасап, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекет тарапынан беріліп жатқан аз пайызды несиелер алып, жұмыс істеуіне жағдай жасаймын. Аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық көрсетуге, денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру және ауыл шаруашылық салаларына жоғары білімді, білікті мамандарды тарту, ауылдық округтегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтармен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастырамын.

Салық базасын ұлғайту, маусымдық, құрылымдық, циклдік жұмыссыздықтарды жою мақсатында инновациялық жобаларды ауылға тартуға жұмыс жүргіземін. Елдегі жұмыссыздық мәселесін шешу мақсатында ауылға инвестиция тартып, ірі жобалардың жүзеге асырылуына күш саламын. Мал ұрлығының алдын алу мақсатында пада ұйымдастырамын, ауылдың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарын жүргіземін. Жарық жүргізілмеген көшелерге жарық шамдарын орнатуға, қарапайым халықтың өз ауласында бақша өтуіне жағдай жасау үшін ауылда аяқ су мәселесін шешуге жұмыс жасаймын.

Қадірлі жерлестер!

Алдағы сайлауда баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын. Сіздердің қолдауларыңыз маған артылған сенім деп білемін.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Молдабеков Казыбек Кушекбаевичтың 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Молдабеков Казыбек Кушекбаев 1963 жылы Мәдениет ауылында дүниеге келген. Жоғары оқу орнын бітірген, өндірістік жұмысқа араласқаннан бөрі облысы өңірлерін дамыту жолында саналуан жұмыстарға, құрылыс саласын дамытуға белсене араласып келеді. 1981 жылы Жалағаш кентіндегі №150 КТУ-ды бітіргесін Мәдениет совхозында механизатор болып жұмыс істеген.

1983-1985 жылдары Отан алдындағы борышын өтеген. 1985-1987 жылдары Мәдениет совхозында механизатор болған. 1987-1992 жылдары Алматы мал дәрігерлік зоотехникалық институтында білім алған. 1992-1999 жылдары Қызылорда қаласындағы ауыл-шаруашылығы ғылыми зерттеу институтында ғылыми қызметкер болған. 1999-2003 жылдары «Асыл-тұқым» АҚ президенті қызметін атқарған. 2003-2004 жылдары Қызылорда қаласындағы «Сарыбұлақ» ЖШС учаске бастығы болған.

2004-2011 жылдары «Аман құрылыс» ЖШС директоры қызметін атқарған. 2011 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне «Өндірістік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша түсіп, «Құрылыс инженері» біліктілігін алған.

2009 жылы «МКК Элит Строй» ЖШС-ын құрып, құрылыс саласында жеке кәсіп бастаған. 2011-2019 жылдары «МКК» Элит Строй» ЖШС директоры болған. 2019 жылдан бастап «Мақсат» кәсіпорнының басшысы.

Сайлауалды бағдарламасы

Мәдениет ауылдық округінде шешімін таппаған мәселелер жеткілікті. Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай жауапкершілікті арқалау кім-кімге де оңай болмайтыны ақиқат. Мен сайлаушылардың сеніміне ие болсам, Мәдениеттегі өзекті мәселелердің оң шешімін табуына жұмыс жасаймын.

Елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау жұмыстарын іске асыруға көңіл бөлемін. Ауыл ақсақалдарынан және ауылдың белсенді азаматтары мен ауыл активінен құрылған қоғамдық кеңес арқылы ауылдың тәртібін қадағалап, сапауатты өмір салтын ұстанып, қиын мәселелерді ақылдасып шешуді ұйымдастырамын.

Президент Жолдауында айтылған «Ауыл халқына жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсету» саласы бойынша халықтың әл-ауқатын көтеріп, әлеуметтік мәселелерді шешу бағытында жұмыс жасаймын. ҚР

заңдарының, ҚР Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын жүзеге асырамын. Аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасаймын. Ауылдың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру, абаттандыруға, «Жастар аллеясы» демалыс орнын салуға ықпал етемін.

Облыстық, аудандық мәслихаттармен, «Аманат» партиясының қолдауымен денсаулық сақтау саласында ауыл халқының өзекті мәселесі болған бұрынғы емхананы қайта ашу жөнінде ұсыныстарына қолдау көрсетемін. Жастар бастамаларын қолдай отырып, жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтуға қолдау көрсетемін. Халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті азық-түліктің бір бөлігі бақша өнімдеріне деген сұраныстың арзан әрі қолжетімді болуына жұмыс жасаймын. Мемлекеттік бағдарламалар (субсидия тағайындау, қайтарымсыз грант алу, кәсіп ашу) бойынша тұрғындар арасында нақты түсіндірмелер жүргізіп, олардың осы бағдарламалардан өз сыбағаларын алуына жұмыс жүргіземін. Ауыл шаруашылық теліміндегі жерлерді ұтымды пайдалануды, иесі бар игерілмей жатқан жер-

лер мен бос, иесіз жерлерді игеріп, айналымға қосып, бақша дақылдарын өсіруді ұйымдастырамын. Ауылда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, мемлекеттік бағдарламаларды толық пайдаланып, қосымша жұмыс орындарын ашуға, кәсіпкерліктен түсетін салық көлемін ұлғайтуға үлес қосамын. Жергілікті шікізаттардан сапалы отандық өнімдер шығаратын жаңа кәсіпорындар ашуға ықпал жасаймын.

Бұқаралық спортты тұрғындар арасында насихаттай отырып, «Салауатты Қазақстан» азаматтарының қатарын көбейтемін. Ауылдағы денсаулық, білім, мәдениет саласының жұмысын үнемі қолдап, олармен түрлі ұйымдастыру жұмыстарын кеңінен жүргіземін. Ауыл жастарының мәселелерін оңтайлы шешіп, ауылда тұрақтандырып, жастармен жұмысты көшеңді түрде жүргіземін және жастардың теріс діни ағымдардың ықпалынан, жат қылықтардан аулақ болуына бағыт-бағдар беремін. Алдағы 4 жылда алға қойған бағдарламаларымды жүзеге асыруға өзімнің бұған дейінгі жинақтаған білім-тәжірибемен еңбек етемін деп сенім білдіремін.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Қорғанбек Төлеген Қорғанбекұлының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Қорғанбек Төлеген Қорғанбекұлы 1989 жылы 25 ақпанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген.

Мәдениет ауылындағы №32 орта мектепте 1995-2006 жылдары білім алған. 2006-2011 жылдары аралығында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Жаратылыстану» факультетінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алған.

2009 жылдың 5 қаңтарынан бастап 2010 жылға дейін Жалағаш ауданы Мәдениет ауылындағы №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы болып жұмыс жасаған. 2010-2011 жылдары әскер қатарында болып, Отан алдындағы борышын өтеген. 2011-2013 жылдары аралығында Жалағаш ауданы Мәдениет ауылындағы №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы болып қайта жұмысын жалғастырған.

2013-2017 жылдары аралығында «Қадам БМК» ЖШС техникалық қауіпсіздік қызметінің бөлім басшысы қызметін атқарған. 2017 жылы «Наркескен» спорт клубының Жаңаталап ауылында спорт нұсқаушылық қызметін атқарған. 2017-2021 жылдары аралығында «Айбар Ш» ЖШС төрағасының шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарған. 2021 жылдан бүгінге дейін жеке кәсіппен айналысып келеді.

Отбасылы, 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Құрметті ауыл тұрғындары, қадірлі жерлестер! Туған жерді түлету – кез келген азаматтың алдындағы негізгі парызы. Кіндік қаның тамған жерге маңтай теріңмен еңбек етіп, елді мекеннің екінші тынысын ашу менің де азаматтық парызым деп білемін. Алдағы саяси науқанда бақ сынап, сіздердің сенімдеріңізді арқалап, Мәдениеттің көркейіп гүлденуіне, абаттануына

жұмыс жасауға бел будым. Сондықтан алдағы уақытта сіздердің басым дауыстарыңызға ие болып, ауылдық округ әкімі болсам, 4 жылда төмендегідей мақсат-міндеттерді жүзеге асыруға жұмыс жасаймын.

1) Мәдениет ауылындағы жарықтандырылмаған Абай, Жамбыл, Тобает көшелеріне көше жарығы шамдарын орнатуға;
2) Мәдениет ауылдық округіне кіреберіске арқа және заманауи үлгідегі паспорт орнатуға;
3) Мәдениет ауылындағы Жаңақоныс көшесіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге;
4) Елді мекендегі мал жайылымдық жерлерді кеңейтуге;
5) Ауыл орталығына аяқ су әкелуге, ауылдың шығыс бөлігіндегі Абай, Жаңақоныс көшелеріне «Майжарма» қаналынан аяқ су тартуда кездесетін мәселелердің алдын алуға;
6) Жаңа жұмыс орындарын ашуға, кәсіпкерлік саласын дамытуға, ауыл кәсіпкерлерінің, жастардың, жалпы іс бастаймын деген азаматтардың мемлекеттің қаржылай қолдауына, қай-

тарымсыз гранттарға қол жеткізуіне;

7. Жергілікті жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтуға, ауылдағы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге;

8. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша ауыл тұрғындарына несие алып, жаңа кәсіп ашуына ықпал етуге;

9. Мәдениет ауылындағы ауыз су мәселесін шешу бағытында су құбырларына жаңғырту жұмыстарын жүргізуге;

10. Мәдениет ауылы орталығынан балалар ойын алаңының салынуына;

11. Ауылдық емхананың күндізгі стационар бөлімін қайта іске қосуға, ауылда денсаулық сақтау саласының жақсаруына, жергілікті тұрғындардың сапалы медициналық қызметке қол жеткізуіне жұмыс жасаймын.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Жанашев Ғалым Ерболұлының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Жанашев Ғалым Ерболұлы 1985 жылы 23 сәуірде Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген.

1991 жылы №246 орта мектеп табалдырығын аттап, 1998 жылы №123 орта мектепке ауысқан. 2000 жылы №123 орта мектепті 9 сыныпты аяқтап, сол жылы Қызылорда экология және құқық колледжіне құқықтану мамандығы бойынша оқуға түскен.

2003 жылы Қызылорда экология және құқық колледжін құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

2004-2006 жылдары Қарулы күштер қатарында болған. 2008 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін заңтану мамандығы бойынша бітірген. 2007-2008 жылдары Жалағаш аудандық әділет басқармасында тіркеуші маман болып қызмет атқарған.

2008 жылдың қаңтарынан қазан айына дейін Қызылорда облысы бойынша ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімінде инспектор қызметін атқарған.

2008-2011 жылдары Қызылорда облысы бойынша ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімінде кеңесші болған.

2011-2013 жылдары Қызылорда облысы бойынша ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімінде реттеу зал бастығы болған. 2013 жылдың наурызынан шілде айына дейін Қызылорда облысы бойынша ХҚКО Жалағаш аудандық бөлімінде ұйымдастырушы-бақылаушы қызметін атқарған.

2013 жылдың шілдесінен қыркүйек айына дейін «Қамқор Құрылыс» ЖШС директоры қызметін атқарған. 2013-2018 жылдары Жалағаш ауданы әкімдігінің «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімі басшысы болған.

2018 жылдың наурызынан сәуір айына дейін «Жаңадария ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман қызметін атқарған. 2018-2022 жылдары Жаңадария ауылдық округінің әкімі қызметін атқарған.

2022 жылдан бастап Жалағаш ауданы әкімдігінің «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің басшысы қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Ауылдық округ әкімінің құзіретін пайдалана отырып, округ тұрғындарының жағдайын дамыту бағытында тұрақты жұмыс атқару.

2. Уақыт талабына сай жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жұмыс жасап, жергілікті жерде қоғамдық бақылауды енгізу арқылы ауылдағы ахуалға ауыл тұрғындарының ықпалын арттыруға қол жеткізу.

3. Жұқпалы мал ауруларының алдын алуда қолданыстағы мал қорымдарын қалыпқа келтіру.

4. Төменгі пайызды несиелер арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту.

5. Шаруа қожалықтар жұмысының уақыт

талабына сай ұйымдастырылуын қадағалай отырып, мал басын асылдандыру, мал бордақылау алаңдарын ашып, шаруашылықтың тиімділігін арттыру мақсатында жұмыстар жүргізу.

6. Ауыл тұрғындарына әлеуметтік көмек көрсету жұмыстарын қадағалау, аз мөлшерде қамтамасыз етілген отбасылардың, қарттар мен мүгедектердің тұрмыс жағдайларын тұрақты түрде назарда ұстау.

7. Ауыл мәдениетінің дамуына, абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.

8. Ауыл ішінде орналасқан шағын және орта кәсіпкерлерді қолдау, шаруа несиес фермер қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға және жаңа жұмыс орындарының ашылуына жәрдемдесу. Осы жұмыстардың шешілуі бойынша ауыл кәсіпкерлерімен тиісті жұмыстарды атқару.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Сакиев Айдар Нұрмағанбетұлының 2023-2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Сакиев Айдар Нұрмағанбетұлы 1993 жылдың 1 қарашасында Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген.

2011 жылы Жалағаш кентіндегі №201 мектепті бітіріп, 2014-2017 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті колледжіне оқуға түсіп, техник-механик біліктілігін алған. 2015-2018 жылы Шымкент қаласындағы аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығын алған.

2020-2021 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түсіп, бизнес және басқару магистрі атанған.

Еңбек жолын 2014 жылы Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінде жастар тәжірибесімен өндірістік оқу шебері болып бастаған. 2015-2016 жылдары Жалағаш аудандық жұмыспен қамту орталығында бағдарламашы бол-

ды. 2016-2018 жылдары Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман болды. 2018-2022 жылдары Жалағаш аудандық ішкі саясат бөлімінде бас маман қызметін атқарған. 2022-2023 жылдары Жалағаш ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімінде бас инспектор қызметін атқарған. 2023 жылдың 9 қаңтарынан бастап Жалағаш ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінде бас инспекторы лауазымын атқарып келеді.

Отбасылы, 2 ұл 1 қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Мемлекеттік саясатты жүйелі түрде жүзеге асырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, әрбір отбасының ұсыныстары мен талап-тілегіне мұқият көңіл бөліп, пікірлерімен санасып, олардың өтініштерінің мүмкіндігінше оң шешімін табуына жұмыс жасаймын.

2. Ауылда білім, денсаулық сақтау секілді бірқатар саланың серпін алуына бар мүмкіндікті жасай отырып, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына жағдай жасауға ықпал етемін.

3. Ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мәселесін де назардан тыс қалдырмай, олардың шешімін табуына жұмыс жасай отырып, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану үшін мәдени-қоғамдық жұмыстармен, спортпен тусылдануына, жұмыссыз азаматтардың жұмысқа тартуға ықпал етемін. Жастар тәрбиесіне көңіл бөліп, қоғамдық тәртіптің сақталуын, ауылдағы көше тазалығына мән беру, күл-қоқыстарды арнайы тиісті орындарға шығару, санитарлық-тазалық нормаларын сақтауды ұйымдастырамын.

4. Мәдениет ауылында учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және көше комитеті төрағаларымен бірлесі отырып, қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапкершілікпен

қараймын.

5. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде өңірге жас әрі білікті мамандарды тарта отырып, олардың тұрақты жұмысқа орналасуына жұмыс жасаймын.

6. Кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастыруда ауыл тұрғындарының мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын несиелерге қол жеткізу арқылы іс бастауына жұмыс жасаймын.

7. Мәдениет ауылында жүргізіліп жатқан саяси, мәдени-әлеуметтік шараларды кеңінен насихаттау, ауыл халқымен бірлесі отырып, өзекті мәселелерді шешу бағытында тиісті жұмыстарды өз деңгейінде жүргізуді негізгі міндетім деп білемін.

8. Ауылда ауыз суға, аяқ суға халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, бұл бағытта бірқатар мәселенің шешімін табуына жұмыс жасаймын.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қабылдау



Мерейтой иесіне құрмет

АУДАН ӘКІМІ АСҚАРБЕК ЕСЖАНОВ АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ӨЗІНДІК ҮЛЕСІН ҚОСЫП, БІРНЕШЕ САЛАДА ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ ӨМІРЗАҚ ЕЛЕУСІНОВТІ ҚАБЫЛДАП, 60 ЖАС МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ. ЖИЫН БАРЫСЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ҚАРЖЫ, ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫНДА ТАБАНДЫ ЕҢБЕК ЕТІП, ІСКЕРЛІГІМЕН КӨП ІСТІ ҮЙЛЕСТІРЕ БІЛІП, БҮГІНДЕ АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТТІ АРҚАЛАЙ ЖҮРІП АСҚАРАЛЫ АЛПЫС ЖАСТЫ АЛҚЫМДАҒАН ӨМІРЗАҚ ТҰРЫМБЕТҰЛЫНА СЫЙ-ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛІП, ШАПАН ЖАБЫЛДЫ.

– Дана халқымыздың үлкенді қадірлеудің игі дәстүрі өздеріңіз арқылы ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болып келе жатыр. Біз «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген аталы сөзді ұрпағының бойына сіңіріп өскен халықпыз. Сіздердің жүріп өткен жолдарыңыз, өткен еңбектеріңіз біздерге үлгі. Сіздерге қарап, кейінгі ұрпақ жетіліп, жаңа заманға сай сол істерді жаңғыртуда. 30 жылдан аса әр салада қызмет атқарып келе жатқан Өмірзақ Тұрымбетұлы өзін қабілетті ұйымдастырушы, білікті маман, талапшыл басшы ретінде таныта білді.

Мемлекеттік басқару саласында елеулі еңбек етіп, ауданның экономика, қаржы, ауыл шаруашылығы салаларының дамуына, аймағымыздың өсіп-өркендеуіне мол үлес қосып келе жатқан білікті басшы Өмірзақ ағамыздың іскерлігі мен тәжірибесі жастарға үлгі-өнеге болары анық. Аудан бойынша тұрғындардың мүддесін қорғай отырып, көтерілген маңызды мәселелерді оңтайлы шешу бағытындағы жұмыстарға Өмірзақ Тұрымбетұлы орасан зор күш салып келеді, – деген аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы мерейтой иесіне әлі де болса аудан дамуы үшін еңбек ете беретініне сенім білдірді.

Мұнан бөлек ел ағалары Б.Наршаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәдік Әлиев, ауданның алқабилер кеңесінің төрағасы К.Сүлейменов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы О.Аханов, кент ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Құлмахан және аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Ж.Баймаханова Өмірзақ Тұрымбетұлының қызмет жолындағы атқарған ауқымды істеріне тоқталып, тұлғалық қасиеттерін, азаматтық ұстанымын көпке үлгі етті. Ауданның дамуына өз үлесін қосқан білікті басшыға алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, алпыс жасқа абыроймен жеткен Өмірзақ ағамыз 1963 жылы М.Шәменов ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 1985 жылы Жаңадария совхозында құрылыс мастері болып бастап, 1985-1987 жылдары аралығында Кеңес Армиясы қатарында болып, әскери борышын өтеп келген. Сонымен бірге 1987-1998 жылдары Жалағаш аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінде инженер-құрылысшы, аға маман, аға инженер, диспетчер, «Жігер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің төрағасы қызметтерін атқарса, 1998-2004 жылдары Қызылорда облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы Жалағаш аудандық филиалының меңгерушісі, 2004-2008 жылдары Жалағаш кентінің әкімі, 2008-2009 жылдары «БТА» банк акционерлік қоғамының Қызылорда облыстық филиалы Жалағаш ауданындағы бөлімшесінің бастығы болған. 2009-2023 жылдары аудандық сәулет және қала құрылысы, аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімдерінің басшысы және Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып келіп, осы жылдың наурыз айында аудандық мәслихат төрағасы болып сайланды.

Нұр НАУАН

Еңбек адамы

Бақша баптап, береке тапқан

Өткен жылы ауданда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, бақша дақылдарын егуге арналған арнайы жер дайындалып, тұрғындарға табысталған болатын. Нәтижесінде өңір халқы картоп, пияз, сәбіз секілді көкөністермен қоса, қауың, қарбыз егіп, қажетті азық-түліктерін жинап алды. Биыл да жергілікті халық бау-бақшалық жерге тұқым тастауға ынтықсыз білдірілді. Себебі биыл бақша дақылдары жоспарланған көлемнен артық өгілген. Демек, бұл жұмыстар қарапайым шаруа адамының күнkerіс деңгейіне оң әсер етуде. Бір артықшылығы техникалары бар шаруашылықтар жерді ашып, аяқ суын жеткізіп береді, тұрғындар тек егін егіп, оның күтіміне ғана жауапты болады. Осы орайда биыл өңірде жеке тұрғындардың бақша салуына 500 гектар жер дайындалған. Дайындалған 500 гектар жерге 921 отбасы 217,3 гектар картоп, 63 гектар көкөніс, 219,7 гектар бақша дақылдарын орналастырған. Бүгінде олардың алды қауын-қарбызын сабағынан үзіп, алғашқы өнімін ауыз тиюде.

Жандос ЖАЗКЕН



«Маңдайы терлемегеннің қазаны қайнамайды» деген тәмсілді естен шығармайтын Аққұм ауылының тұрғыны Темірбек Сарыбасов жаз келсе қол қусырып отырмай, сортаң жерді игеріп, бау-бақша дақылдарын егеді. Иә, диқаншы ағамыз биыл да жылдағы дәстүрден жаңылмапты. Ерте көктемнен бастап 5-6 гектар жерге бақша дақылдарын егіп, жаз бойы бел жазбай еңбек етуде.

Бізде Аққұмға аяқ тіреген соң, Темірбек ағаның бақша басына баруды жөн көрдік. Иә, ерте көктемнен басталған тынымсыз тіршілік еш кетпегені көзге көрініп-ақ тұр. Бақшасы жайқалып, өсіп тұр. Атыз арасында піскен қауынның иісі мұрынды жарайды. Бүгінде балаларынан артылған қауын-қарбызды аудан орталығына апарып, көтерме бағада өткізуді жоспарлап отыр. Қауын, қарбыздан бөлек картоп,



асқабақ тұқымын да тастапты. Ата жолын қуған немерелері де өзіне қолғабыс жасап жүр. «Осылардың арқасында бақша арам шөлтен оталып қалды» дейді күліп, Темірбек аға.

– Мен бақша егуден көп жылдан бері айналысып келемін. Өткен жылы 5 гектар жерге дәл осылай егін еккен болатынымын. Шүкір, жаман емес, жер жақсы өнім берді. Биыл да ауылдағы «Аққұм-жер» шаруашылығы тұрғындарға бақша егуге арнайы жер дайындап берді. Әрине, бақша егу табандылық пен еңбекқорлықты қажет етеді. Көріп тұрғаныңыздай жаз бойы еңбегіміздің нәтижесі жаман емес. Қарбыз, қауын, асқабақтың шығымы жақсы. Ең бастысы аяқ судан мәселе жоқ. Бақшаға да көрегі су емес пе? Бұйырса, ертең қауын, қарбызды жинап, аудан орталығына немесе ауыл маңынан өтетін күре жолға шығып,

саудалаймын, – дейді шаруа адамы.

Темірбек аға иісі аңқыған қауынды үзіп алып, дәм татуды ұсынды. Әрине, сап-сары болып, пісіп тұрған қауыннан бас тарту мүмкін емес еді. Бақша басындағы қоста алғашқылардың бірі болып, тәтті қауынның дәмін тарттық. Бір қызығы шаруа адамы бос уақытында қоста жатып, интернет арқылы бақша егуді зерттеп тастапты. Бізге қауын, қарбыз егудің барлық қыр-сырын түсіндірумен болды.

Мәселен кеберсіген топырақты 2-3 рет суғарады екен. Алғашқы суғаруды тұқымның өсуі алдында не тұқым шыға салысымен жүзеге асырады, екіншісін сабақтары шыққан кезде, үшіншісін жеміс пісуінің алдында жасайды. Суғару жартыланған жер жанында өсіп жатқан өсімдіктер бойынша жасалады, алайда судың көп мөлшерде болмауын қадағалау керек. Қарбыз бен қауынды

ыстық күндері піскендерін іріктеп жинайды. Дақылдарды жинауды ауа-райы суымай тұрғанға дейін аяқтайды. Сондай-ақ Темірбек аға Алматыдан бақшаға зиян келтіретін құстарды үркітетін арнайы құрылғы да сатып алыпты.

Жаз бойғы өткен адал еңбектің арқасында Темірбек Сарыбасовтың отбасы қауын, қарбыз, картоп, асқабақтың ешқайсысын сатып алмайды. «Қыстың қамын жаз ойла» демекші, шаруа адамы қыстық азығын осы жерден бұйыртып отыр. Үйдегі жеңгеміз де қауыннан «қауынқұрт» жасап, отағасы баптаған өнімдердің берекесін келтіріп, жаратады.

Иә, «Жер қадірін еккен білер» дегендей еңбекқор, бірлігі мен тірлігі жарасқан Темірбек ағаның отбасының еңбегі қашанда зор құрметке ие.

Бар жақсылық балаға

ЖАЗ – ЖАРҚЫН МЕЗГІЛ. ЖАЙРАНДАҒАН ЖАЗДА БАЛАЛАРДЫҢ ҚУАНЫШ ПЕН ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ ҰМЫТЫЛМАС ЕСТЕЛІКТЕРІ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ЛАГЕРІНЕН БАСТАУ АЛАРЫ СӨЗСІЗ. ОҚУ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛЫСЫМЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ЛАГЕРІНЕ АСЫҒАДЫ. АУДАН СЫРТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ЛАГЕРЛЕРДЕ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕМАЛЫСТАРЫН ТИІМДІ ӨТКІЗУГЕ БІЛІМ БӨЛІМІ ЖӘНЕ ЛАГЕРЬ БАСШЫЛАРЫ МЕН ТӘЛІМГЕРЛЕР АТСАЛЫСЫП, БАР КҮШ-ЖІГЕРЛЕРІН САЛУДА.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ



Жазғы демалыс маусымы – балалар үшін айрықша қуанышты сәт. Өңірде балалардың демалысын тиімді өткізу, оларды лагермен қамту – жыл сайынғы дәстүрге айналған шара. Жалағаш кентінің іргесіндегі «Ақтерек» сауықтыру лагері жиырма жылдан астам уақыт бойы мектеп оқушыларына қызмет көрсетіп жүр. Биылда тынығу орталығы балаларды ыстық ықаласпез, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алды.

Лагерь – тек балалардың тынығып, сауық құратын мекені ғана емес, өскелең ұрпақ үшін маңызы зор тәрбие ошағы болып есептеледі. Жалпы лагерь – әртүрлі жарыстарға қатысып, баланың асылымал жүрген талантын, белгілі бір қабілетін ашатын орын. Сондай-ақ лагерь балалар денсаулықтарын нығайтып, дене тәрбиесін шыңдап, күш жинауға, білімін толықтырып, жаңа

достар тауып, жаңа ортамен тіл табысып, бойында көпшіл мінез қалыптасуына ықпал жасайды.

«Ақтерек» сауықтыру лагеріндегі алғашқы маусымның ашылу салтанатына қатысқан аудан әкімі Асқарбек Темірбекұлы өз сөзінде: «Бар жақсылық – балаларға. Біз балалардың бүгінгі нұрлы өмірі үшін, ертеңгі жарқын болашағы үшін қолымыздан келген жақсылықтардың барлығын да жасаймыз. Өйткені балалардың болашағы жарқын болса, мемлекеттің де келешегі кемелдене түседі. Сіздердің міндеттеріңіз – бос уақыттарыңызды тиімді пайдаланып, саналы тәрбие, сапалы білім алу, өсейіп, ер жетіп, елге қызмет ету» деп, балаға тәлімді тәрбие беруде жазғы лагерьлердің қосар үлесі зор екенін атап айтқан болатын.

«Ақтерек» лагері 1999 жылы асар әдісімен салынған ғимарат. Биылғы жылы лагерьге жәй жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге, лагерь аумағына көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстары ұйымдастырылып келеді.

Қазіргі таңда 80 орындық лагерь жылда 6 ауысыммен жұмыс жасап келеді. Лагерьде 4 жатын ғимарат, 1 асхана, 1 медициналық бөлімше, 1 спорт алаңы және 1 бассейн мен 1 мәдени шаралар өтетін орын бар. Мұнда кент және ауылдық округтердің білім ошақтарынан жиылған оқушылардың жазғы демалысын қызықты өткізу үшін барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Жалпы тынығу лагерьлерінің өз тәртібі, ережесі бар. Тынығушыларға мұндағы әр күнін тәртіпке сай бой сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар

ұйымдастырып, танымдық-логикалық, спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Бұдан бөлек лагерьде сурет, қолөнер, робототехника, полиглот және өрт қауіпсіздігі үйірмелері жұмыс істейді.

Жалпы, биылғы маусымда «Ақтерек» сауықтыру лагеріне 6 ауысымда 442 бала, мектеп жанындағы күндізгі тынығу лагерьлерде 150 бала демалса, аудан кәсіпкерлері мен демеушілердің есебінен аз қамтамасыз етілген 170 бала Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне жіберілді. Бұдан бөлек «Қазақстан қоры» арқылы Алматы қаласына – 20 бала, Республикалық «Балдүркен» лагеріне Шымкент қаласына – 25 бала. Сондай-ақ 2300 баладан Түркістан қаласы мен Қорқыт Ата мемориалды кесенесіне тарихи-танымдық экскурсияға апару жұмыстары ұйымдастырылды.



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВЖалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясыБас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВТелефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1184

Кескіні редактор: Нұржамия АЛМАСҚЫЗЫ